



ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ
ҰЛТТЫҚ БАНКІ
№ 44 Б А С П А С Ө З - Р Е Л И З І
2011 жылғы 27 желтоқсан

*Монетаның ең үздік дизайнына арналған
конкурстың қорытындылары туралы*

Қазақстанның Ұлттық Банкі Қазақстан Республикасы Тәуелсіздігінің 20-жылдығын мерекелеуге арналған Монетаның ең үздік дизайнына арналған конкурсты аяқтады.

Озық идеяларды іздеу мен қолдауға және ұлттық валюта – Теңгенің имиджін нығайтуға бағытталған конкурс «Менің Қазақстаным» тақырыбына – «Халық монетасы» және «Балалар монетасы» деген екі номинация бойынша өткізілді.

2011 жылғы 21 қыркүйек – 10 желтоқсан аралығындағы кезеңде Конкурсқа Қазақстанның барлық жерінен – Солтүстік Қазақстан, Оңтүстік Қазақстан, Павлодар, Ақмола және республиканың басқа да облыстарынан 1000 астам дизайн жобасы түсті. «Халық монетасы» номинациясына дизайнерлер мен суретшілер ғана емес, сондай-ақ кәсіби емес суретшілер де белсене қатысты. Сонымен қатар Конкурс мектептер, балалар үйі және шығармалық ұжымдары арасында үлкен қызығушылық туғызды.

2011 жылғы 12 желтоқсанда құрамына елдің қаржы нарығының жетекші сарапшылары, белгілі суретшілер мен дизайнерлер, БАҚ өкілдері кіретін Конкурстық комиссияның отырысы болып өтті.

Конкурстық комиссия мүшелерінің отырысы барысында Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің www.nationalbank.kz ресми Интернет-ресурсында Көрсеткіштер көзайымы жүлдесіне онлайн дауыс беру үшін 70 конкурстық жұмыс іріктеліп алынды. Дауыс беру 2011 жылғы 27 желтоқсанға дейін жалғасты.

Конкурс қорытындылары Ә. Қастеев атындағы Мемлекеттік Өнер мұражайында 2011 жылғы 27 желтоқсанда өткен жеңімпаздарды марапаттау рәсімінде жарияланды.

«Балалар монетасы» номинациясы.

Конкурстық комиссия бірінші орынды Алматы қаласының тұрғыны Әдем Хасеноваға берді. Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің Төрағасы Григорий Александрович Марченко 500 000 теңгеге чек тапсырды.

Екінші орын Орал қаласының тұрғыны Аминат Серіковаға және 3-ші жүлделі орын Өскемен қаласының тұрғыны Мира Жаңахметоваға берілді.

«Халық монетасы» номинациясы.

2-ші жүлделі орын Алматы қ. тұрғыны Қанат Кенжинге және Шортанды қ. тұрғыны Сабыржан Мақашевқа берілді. 3-ші жүлделі орын Алматы қ. тұрғындары Адина Жаминоваға және Аслан Жаңабаевқа берілді.

Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің www.nationalbank.kz ресми Интернет-ресурсында онлайн-дауыс беру қорытындысы бойынша Көрермендер көзайымы жүлдесінің жеңімпазы Мәди Әбілмансұров болды.

Екі номинацияда 2-ші орынның иегерлеріне «Барыс» ескерткіш алтын монеталары тапсырылды, монетадағы барыс бейнесінің көздеріне гауһар орнатылған.

3-ші орындардың және Көрермендер көзайымы жүлдесінің жеңімпаздарына Қазақстан Тәуелсіздігінің 20 жылдығына арналған ескерткіш күміс монеталар және «Қазақстан. Сұлулыққа іңкәрлік» таныстыру фотоальбомдары тапсырылды.

*Неғұрлым толық ақпаратты мына телефондар бойынша алуға болады: +7 (727) 2 596 833, +7 (727) 330 24 52; e-mail: press@nationalbank.kz
www.nationalbank.kz*